

Ұйым атауы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
«Жас Қыран»	8	8	7
«Жас Ұлан»	12	10	10
Барлығы	20	18	17

2021-2022 оқу жылында ішкі есепте 1 оқушы тұрады. Бұл оқушымен жыл бойына жеке, топтық түзету-дамыту жұмыстары (дөңгелек үстел, психологиялық сабақтар, тренингтер) жүргізіліп келеді және жеке сұхбат жүргізіліп, кеңес берілді. Бұл оқушының сабақ кезіндегі, сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекеттері бақылауда ұсталды.

	2019- 2020	2020- 2021	2021-2022
Мектепшілік есепке алынған оқушылар туралы мәлімет	-	-	1 оқушы
Ішкі істер бөлімі есебіне алынған оқушылар	-	-	1 оқушы
Жағдайсыз отбасы балалары туралы мәлімет	-	-	-
Инклюзивті білім беру бағдарламасымен оқитын оқушылар туралы мәлімет	2 оқушы	2 оқушы	2 оқушы

2021-2022 оқу жылында мектебімізде 4 жартылай жетім, аз қамтылған 9 отбасының балалары, 2 ААҚҚ, 5 толық емес отбасының балалары, 42 көп балалы отбасының балалары білім алуда. Жекелеген санаттағы оқушыларымызға мектепке жол, «Қамқорлық» республикалық қайырымдылық акциялары шеңберінде, атаулы мереке күндері де көптеген әлеуметтік көмектер ұйымдастырылды. Акцияға сынып жетекшілер демеушілік жасап, өз сыныбындағы аз қамтылған, жартылай жетім отбасы балаларына оқу құралдарын, мектеп формаларын, спорттық киімдер алып берді. Байғанин аудандық білім бөлімі жанынан аз қамтылған, толық емес отбасы, жартылай жетім отбасы балаларына спорттық киімдер бөлініп, сынып жетекшілері арқылы мектебіміздің оқушыларына таратылып берілді. Жекелеген санаттағы оқушылар бір мезгіл тегін ыстық тамақпен, оқу құралымен, оқулықпен толық қамтылған. Осындай қайырымды іс-шаралар жыл бойы дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді.

5). 2021-2022 оқу жылында Қаражар орта мектебінің оқушыларының қосымша білім берумен қамтылуы өз деңгейінде ұйымдастырылды. Атап айтқанда, мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары төмендегі аталған үйірмелерге қатынасады. Мектепшілік (ақылы): «Сиқырлы саусақ» үйірмесі – 17 оқушы; «Көркемөнерпаздар» үйірмесі – 22 оқушы; домбыра үйірмесі – 8 оқушы, Ақысыз: Волейбол – 10 ер бала; 10 қыз бала. «Сиқырлы ракетка» үйірмесі – 15; футбол – 10, еркін күрес - 15. Сонымен қатар оқушыларымыз мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелерге қатысады. Атап айтсақ, “Б.Тәжібаев атындағы музыка мектебіндегі” сырнай үйірмесі, спорт мектебі еркін күрес үйірмесіне, облыстық мамандандырылған ұлттық ат спорты үйірмелеріне. Аталған үйірмелерге барлығы – 143 оқушы қатынасады. Мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелерге қатысатын оқушыларымызда өздерінің айтарлықтай көрсеткіштерімен, биіктерден көрініп келеді.